

Сарыағаш аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының кеңейтілген  
отырысының  
**№1 ХАТТАМАСЫ**

Өткізу орны:	Сарыағаш қаласы аудан әкімдігінің мәжіліс залы
Өткізу уақыты:	2021 жыл 29 наурыз, сағат 11:00
Төрағалық етуші:	Ш.Ибрагимов – ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы

Қатысқандар: аудандық мәслихат депутаттары, аудан әкімінің орынбасарлары, қала, кент және ауылдық округтер әкімдері, ауданның мүдделі атқарушы органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, азаматтар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері.

Көпшілік тыңдаулар «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасына ауысқан Сарыағаш ауданы Бағыс елді мекенінің (айналасындағы жерлерді қоса алғанда) 750,0 гектар жерлерін, Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округінің шекарасына және Хиебон елді мекенінің (айналасындағы жерлерді қоса алғанда) 45,62 гектар жерлерін Сарыағаш ауданы Құркелес ауылдық округінің шекарасына қосу арқылы Сарыағаш ауданының шекарасын өзгерту кезінде Сарыағаш ауданы халқының пікірін ескеру үшін өткізілді.

**Күн тәртібі:**

Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасына ауысқан Сарыағаш ауданы Бағыс елді мекенінің (айналасындағы жерлерді қоса алғанда) 750,0 гектар жерлерін, Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округінің шекарасына және Хиебон елді мекенінің (айналасындағы жерлерді қоса алғанда) 45,62 гектар жерлерін Сарыағаш ауданы Құркелес ауылдық округінің шекарасына қосу арқылы Сарыағаш ауданының шекарасын өзгерту мәселесін талқылау.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ауданның жер қатынастары бөлімінің басшысы Н.Кукеев баяндама жасады.

Н.Кукеев өз сөзінде «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасына ауысқан Сарыағаш ауданы Бағыс елді мекенінің (айналасындағы жерлерді қоса алғанда) 750,0 гектар жерлерін,

Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округінің шекарасына және Хиебон елді мекенінің (айналасындағы жерлерді қоса алғанда) 45,62 гектар жерлерін Сарыағаш ауданы Құркелес ауылдық округінің шекарасына қосу арқылы Сарыағаш ауданының шекарасын өзгерту мәселесі бойынша Сарыағаш ауданы халқының пікірін білу үшін, Сарыағаш қаласы, Көктерек кенті және 12 ауылдық округтердің аумағында жергілікті қоғамдастық жиындары өткенін, Қоғамдастық жиындарында Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасына ауысқан Сарыағаш ауданы Бағыс елді мекенінің (айналасындағы жерлерді қоса алғанда) 750,0 гектар жерлерін, Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округінің шекарасына және Хиебон елді мекенінің (айналасындағы жерлерді қоса алғанда) 45,62 гектар жерлерін Сарыағаш ауданы Құркелес ауылдық округінің шекарасына қосу арқылы Сарыағаш ауданының шекарасын өзгерту мәселесін тұрғындар бір ауыздан қолдағанын хабарлады.

Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасына ауысқан Сарыағаш ауданы Бағыс елді мекенінің (айналасындағы жерлерді қоса алғанда) 750,0 гектар жерлерін, Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округінің шекарасына және Хиебон елді мекенінің (айналасындағы жерлерді қоса алғанда) 45,62 гектар жерлерін Сарыағаш ауданы Құркелес ауылдық округінің шекарасына қосу арқылы Сарыағаш ауданының шекарасын өзгерту мәселесі бойынша Сарыағаш ауданы халқының пікірін Сарыағаш аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының отырысында қарап, хаттамамен рәсімдеп, Сарыағаш ауданы халқының ескерілген пікірін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі мен Түркістан облыстық мәслихаттың қарауына ұсынуды сұрады.

Жасалынған ұсыныс мәслихаттың тұрақты комиссияларының мүшелерімен жан-жақты талқыланып, Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасына ауысқан Сарыағаш ауданы Бағыс елді мекенінің (айналасындағы жерлерді қоса алғанда) 750,0 гектар жерлерін, Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округінің шекарасына және Хиебон елді мекенінің (айналасындағы жерлерді қоса алғанда) 45,62 гектар жерлерін Сарыағаш ауданы Құркелес ауылдық округінің шекарасына қосу арқылы Сарыағаш ауданының шекарасын өзгерту бойынша аудан халқының ескерілген пікірін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі мен Түркістан облыстық мәслихаттың қарауына ұсыну дауысқа қойылды. Қарсы, қалыс жоқ. Бірауыздан мақұлданды.

Жоғарыдағы мәселені тыңдап, талқылай келе Сарыағаш аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасына ауысқан Сарыағаш ауданы Бағыс елді мекенінің (айналасындағы жерлерді қоса алғанда) 750,0 гектар жерлерін, Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округінің шекарасына және Хиебон елді мекенінің (айналасындағы жерлерді қоса алғанда) 45,62 гектар жерлерін Сарыағаш ауданы Құркелес ауылдық округінің шекарасына қосу арқылы Сарыағаш ауданының шекарасын өзгерту туралы аудан халқының ескерілген пікірін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама

талаптарына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі мен Түркістан облыстық мәслихатының қарауына ұсыну үшін аудандық мәслихат сессиясына жіберілсін.

**Ауыл шаруашылығы және  
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**

**Ш.Ибрагимов**

**Әлеуметтік сала жөніндегі тұрақты  
комиссиясының төрағасы**

**Д.Динашова**

**Бюджет және экономикалық даму  
мәселелері жөніндегі тұрақты  
комиссиясы төрағасының  
орынбасары**

**Д.Саргалдаков**

**Депутаттық өкілеттік, депутаттық  
этика және марапаттау жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**

**М.Асилов**

**Мемлекеттік құқық азаматтардың  
құқықтары мен заңды мүдделерін  
қорғау жөніндегі тұрақты  
комиссиясының төрағасы**

**Р.Дүйсенов**

**Тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық, құрылыс, жол, және  
инфрақұрылымдық саланы дамыту  
мәселелері жөніндегі тұрақты  
комиссиясының төрағасы**

**Б.Секеров**